

ӘОК: 10/12.955.02.

Қолжазба құқығында

ЖЕҢІС ЖОМАРТ ЖЕҢІСҰЛЫ

XI-XIY ғ.ғ. ТҮРКІЛЕР БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ИРАН (МӘСЕЛЕНИҢ  
ДІНИ, САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ АСПЕКТИЛЕРІ)

07.00.03.-Жалпы тарих

Тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін  
ұсынылған диссертацияның  
АВТОРЕФЕРАТЫ

112h

Қазақстан Республикасы  
Алматы  
2002

Жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті жанындағы түркология ғылыми-зерттеу институтында орындалды

**Ғылыми жетекшісі**

- тарих ғылымдарының докторы,  
профессор Сыздыков С.М.

**Ресми оппоненттер**

- тарих ғылымдарының докторы,  
профессор Аманжолов. К.Р.  
- тарих ғылымдарының докторы,  
доцент Мұхаметханұлы. Н.

**Жетекші үйим**

- Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігі Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университетінің жалпы тарих кафедрасы.

Диссертация 2003 жылы 17 қаңтарда сағ 14-00 өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің (480121, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71) жанындағы тарих ғылымдарының докторы дәрежесін беру жөніндегі D14.A.01.26..Диссертациялық кеңестің мәжілісінде қоргалады.

Диссертация мәтінімен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің кітапханасында танысуға болады.

Автореферат 2002 жылы 14 желтоқсанда таратылды.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор



Омарбеков. Т.О.

## ЖУМЫСТЫҚ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

**Зерттеудің озектілігі.** Орта гасырлар мен қазіргі заманымыз аралығында бірнеше гасырлар отін, сол дәуірлердегі тарихи оқигалар мен саяси үрдістер ауылы алыстағанмен, оның салдарлары өлі де аса маңызды. XI-XIV ғ.ғ. Орталық Азия мен Қазақстан территориясын мекендеген түркі тайпаларының Аббас халифаты ислігіндегі жерлерді жаулап алуы да осы аймақтың саяси-экономикалық, мәдени омірінде айтартылғатай із қалдырыды. Жергілікті бытыраңқы мемлекеттердің бір оргалыққа бағындырыған түркілер ең алдымен, араб жаулап алуының потижесінде мұсылман әлемінде орын алған, кейін үзіліп қалған интеграциялық процестердің одан әрі қайта жалғастырылды. Мұсылман әлемінде мемлекеттерін Құрган түркілер, халифат билеушілерінің дінбұзарлығы және оның қол астындағы халықтың әлеуметтік-саяси ақуалына теріс есеп стуі салдарынан рухани наразылықтар ретінде пайда болған әр түрлі діни ағымдардың саяси әрекетіне тоқтауыл болды. Селжүктер жаулап алуары қарсаңында исламның негізгі мұраттарынан алушактаган діни ағымдар күшті алған, тіпті, өз антиисламдық идеяларын басынышыққа ала отырып бірнеше мемлекеттер құрган болатын (карматтар, исмайлішілар).

Соньмен бірге, түркілер ислам мемлекеттің сыртқы жаулары— Византия империясы, крестнилер, шыныстараты христиандар тіреті— گрузин-армян патшаларының халифат ислігіне ауық-ауық үйімдастырып отырган әскери жорықтарының бетін қайтарып, ислам әлемін сыртқы жаулардан коргауыш роліне де ие болды.

Ірандағы XIII-XIV гасырларда моңгол-түркі концепцияларынан Ильхан-Хулагулер билігі де ислам интеграциясының дамуына, ислам құпиды-лықтарының сакталуына, мұсылман әлемінің біргүастырының беріктігіне айтартылғатай есеп сті.

Алайда, шақты тарихи дөлелдерге қарамастан осы маселені зерттеушілердің шікірлеріндегі бір ауыздылықтың болмауынан әлі де түркілер мұсылман әлемінің саяси-мәдени тарихында оздеріне лайықты орын ала алмай отыр. Кеңесстік дәуірде негізі қаланған исламга теріс көзқарас осы түркілердің бүгінгі үрнектарын, дүниежүзілік ислам өркенисті мұраларынан қол үзліруге итермеледі.

Тәуселіздікке қол жеткізүмен халқымыздың мәдени мұраларын жинақтан, зерттеудің оцтайды мүмкіндігіне ие болып отырғанымыз шынышық. Осы орайда халқымыздың мәденисті мен оркенистіне қатысты осындай мұралардың деңі олар билік құрган Иран мен ислам әлемінде молынаң кездестіріп отырымыз. Дегенмен, бұл мұраларға ортақтығымызды білдіріп, иемдену оларды терең зерттесіз мүмкін емес. Мінс, соңынан да Түркістан даласында пайда болған концепциялардың материалдық мәденистің шүскәларының, мәдени құпидылықтары мен дүниестаннымдық мұраларының жекелеген элементтеріндегі олардың өздерімен басын алғынған жерлерге, оның ішінде Иранға сиуіп көрсету аса озекті болып отыр.

• Фылыми ортада Шыңғысхан әскерінің түркілік тегінің толық мойындалмауы себепті скі этномим жұмыс барысында осылайша бірлесіп беріліп отыр.

**Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Мәселеңге қатысты кокситетті мәсслелерді дәйектеп, дәлелдеу сол дәүірлердегі түркілердің дүниетанымына терсің талдау жасаусыз күрделі болып қала береді. Осы орайда зерттеушілер тараپынан жеткілікті түрде зерттелмей, назардан тыс қалған түркілер дүниетанымының ислам дінімен рухани байланысы арқылы түркілердің ислам өркенисті мен тарихындағы алар орнын анықтау—жұмыстың пегізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Кеңес дәүірі кезеңінде белсенді жүргізілген исламды шеттету саясаты халқымыздың рухани болмысина айтарлықтай нұқсан келтіріп, ислам дінінің қазак тарихындағы орыны мен маңызын жоққа шыгаруга тырысты. Бұл туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев "Қазақтардың бүкіл тарихы, әсіресе дін тарихы өлтіре сынға алынды.....Халықтың бойындағы діни сезімді аластай отырып, тоталитаризм осымен қатарлас тағы бір мәселені шешуге – жаңағы зорлықташ пайдада болған "бос кеңістікке" өзінің сірекен үлгілерін тықлалауга тырысты. Діни сенімді осылайша күшпен аластамайынша, мемлекеттің үйресск идеологиясын ойдағыдай орналастыру мүмкін емес еді" деп, ислам дінінің мансұқталу себебін дұрыс көрсеткен болатын /1.2346/. Осыған орай, жас тәуелсіз еліміздің тарихи құндылықтарын қайта түгендеп, тарихи ақыраттарды қайта қалыпта келтіру де зеріттеу мақсаты болып табылады. Орга гасырлардагы Ирандағы діни, саяси мәдени оміріндегі түркілердің тарихи маңызын анықтау осы мақсаттардың пегізгісі болып табылады. Осы мақсаттарды орындау үшін томендеғідей міндеттер қойылды:

- Түркілердің ислам дінін қабылдау ерекшелігін олардың дәстүрлі дүниетанымымен байланыстыра қарау;

- Ирандагы түркілер жаулаш алулары қарсаңындағы саяси-діни ақуалға терсің талдау жасау;

- Иранды жаулаш алушы түркілердің этникалық пегізіне талдау жасау;

- XI-XIII г. Иранды жаулаш алушы түркілердің Иран мен ислам әлемінің ішкі-сыртқы саяси жағдайының шығаюына тигізгендегі әсерін көрсету;

- Түркілердің Иран мен ислам әлемін жаулаш алуларынан соңғы осы аймактагы саяси-діни ақуалдағы өзгерістерді көрсету;

- Ирандагы түркілер билігінің құлдырау себебін көрсету;

- Ирандагы түркілер билігі кезіндегі мәдениет пен руханият саласындағы өзгерістерді көрсету кезінде оны, түркілер дүниетанымымен байланыстыра қарау;

**Такырыптың зерттелу деңгейі.** Негізінен зерттеушілерді олардың осы мәсслеге гылыми көзқарастарына байланысты үш топқа бөліп қарауга болады. Біріншілері, түркілердің ислам әлемі тарихындағы орынны мүлде жоққа шыгарады. Мұндай зерттеушілердің қатарына батыс ғалымдары А.Мюллер, Г.Э.Грюнбаумды жатқызуға болады. Мысалы, А.Мюллер өзінің "История ислама с основания до новейших времен" атты еңбегінде "Түркілер газиайлердің пайдада болуы мен хорезмшахтың әліміне дейінгі аралықтағы адамзат тарихында айтарлықтай ештеңде жасаған жоқ. Ислам әлемінде қандай да бір бағалы мемлекеттік және заң шыгарушы мекеме, жаңа бір діни ағым немесе діни түсінік, енбір гылыми еңбек өкелмеді. Онер саласында да енбір жаңағы жасалмағы—олардың қолынан тек атқа

мінү мен бас кесу ғана келді" /2,2096/ дейді. Г.Ә. Грюнебаум да түркілердің ислам тарихындағы маңызына құдікінен қарайды /3,1156/. Кеңес тарихшылары В.А.Гордеевский, Б.Н.Заходер, Л.А.Семенова да осы пікірдегі қозқарастарын білдірді. В.А.Гордеевский озінің "Таңдаламы шығармаларының" түркілерге қатысты боліміндегі түркілердің исламға жан-тәпімен қызмет етуінің мүмкін еместігін олардың исламды сырттай ғана қабылдағанымен түсінідіріп "діни фанатизм оларға жат, қозғалыстың негізі себебі саяси-экономикалық болды" /4,1976/ дейді. Осыған жақын пікірді Л.А.Семенова /5/да білдірді. Соңғысының айтуышына "түркілер тобырым жеребе бойынша барған жерінің құдайын өздеріне таңын алды. Басқаша айтқапша, дін таңдау моселесі ең бастаң-ақ отызғандар үшін өзекті болмады— бұл олардың жетекшілерінің пакты саяси қажеттілігіне сойкес орындалды" /5,2486/.

Ал, тағы бір ирандық зерттеуші Сириус Яуди бұлардан да асын түседі. "Бұл жаулаң алушылар (түркілер-Ж.Ж.) оте бейшара халық болды, не бір білімге, не мәдениетке, не кітапқа ие болмады. Тілдері оте қарабайыр, сөздері аз, тек күнделікті сойлесуге найдаланатын сөздерге ғана ие болды. Раупанибек деген біреу Иранға саяхат жасаған, бұл жерде кездестірген тарихи ескерткіштерден түркілік рухты кездестіреді. Зенджандагы Сұлтания мемліті мен Тәбріздені Кабуд мемліті күмбездерін түркілерге телилі. Егер бұл ескерткіштер моңғол мен түркі рухына тола болса, онда осындағы шығармалар неге олардың тарихи отандары--Монголияда салынбаган" деген түркілер оркенистің сенімейдікінен қарайды /6,236/.

Ал, екінші пікірдегілер түркілердің мұсылман тарихындағы орынның ерекшелік берін, олардың шыны мәніндегі исламға жасаған қызметтерін дұрыс бағалайды. Осы деңгейдегі зерттеушілердің катарына Г.Лейзер, Дж.Гильберт, С.Ленъ-Пул, В.В.Бартолид, К.Босворт, Б.Шнулер, Э.Лэмбтон, Д.Морган, З.Валиди Тоган, /7,8,36,/т.б. сияқты ғалымдар еңбектерін жатқызуға болады. Түркілер дәуіріндегі діни ақуал жайлы С.Ленъ-Пул озінің "Мусульманские династии" атты зерттеүнде "сельджуктер жабайы жүргімен ынты-шынтысымен исламды қабылдаған, ірі құлагалы тұрган мемлекетті қайта тірілгүте келін, шынында да оған жаңа омір әкелді" дейді /7,1586/. К.Босворт та оз кезеңіндегі мұсылман тарихындағы түркілер ролине жогары баға береді. К.Босворт "Түркілер шыны иишимен исламды қабылдаған, олардың шамандық қалдықтары суфиилік ордендерде корініс танты. Олар белсенді түрде сунниттің ханағаннің ұстанады. Мұсылман әлемін шииттік буйлердің (Ирандағы X-XI ғасырда найда болып тұлдентен мемлекет) қауіпсін құтқарды. Сирия, Палестина және Қасиетті қалаларды мұсылман әлеміне қайта қости. Иемайлины фатимилерге, иемайлиларға қарсы болды. Түркілер бұл атым исламды інтен ширітептің ірігін екеніне сенімді болды" /8,3286/.

Бұл пікірді жақтауыштарға түрк тарихшылары З.В.Тоган, Кафесоглу, О.Асланаша, О.Тұраиды /14/ т.б. жатқызуға болады. Олар орта ғасырларда түркі билеушілерінің қол астында болған аймақтардағы саяси, мәдени бағыттардагы ішегерілеушіліктерді дұрыс байқаптады, Түркістан концепцияларында дәстүрлі мәдениетімен таныстықтың аздығы олардың батылғылыми ишенимдер қабылдауын тежейді.

Үшінші тоңқа жататын зерттеушілер Иран мен ислам өлемінің саяси тарихындағы жетістіктеріндегі және ислам өркенистінің құрылудағы түркілер маңызын теріске шығармайды. Дегенмен, олар мұның басты себебін түркілердің дүниестанымдық-рухани ерекшеліктерімен байланыстырмай, олардың билігі тұсындағы қолайлыш саяси-экономикалық ақуалмен немесе олардың нарасы үзірлерінің жеке бас қасиеттері арқылы түсініруге тырысады. Мысалы, ирандық Зарринкуб сиякты кейір зерттеушілер, "Осындай ұлаш байтақ жердегі өркенистеке әр түрлі—еврей, грек, үнді, ирандық, түркілік, тіпті, қытайлық мәдениеттің де әсері болды. Осы өркенистің өлемдік болуына әр түрлі ұлт өкілдерінің белсендін катысуының тікелей әсері бар", деп, ислам өркенистінің сол дәуірлердегі әр түрлі халықтардың ортақ итілігі екендігін көрсеткесін, осы халықтардың іргелі мәдениестімен таныстықтың өміріндең нақты нәндегі әсерлері болғанын анын көрсете алмады /9,296/.

Шынында, кейінгі іікірді қолдаушылар түркілердің орта ғасырдағы мұсылман өлемі тарихындағы алар лайықты орынын көрсете білгенмен оның себебін түсінілдіре алмай отыр. Исламды қабылдағанға дейін әртүрлі діни наымдарды үстанған түркілердің кепеттен ислам жауынгерлері болып шыға келуі расында олардың таңданысын тузырады. Бұл таңданыс олардың түркілер козғалысына тек саяси-экономикалық рец беріп, пегізгі-діни синатына жеткілікті дәрежеде назар аудармаудын туды. Ал мұның мәнін түсінікті—түркілердің рухани омірінің тарихымен үстіргұн таныс шет елдік тарихы-зерттеушілер коннорсеге жетсе мән бермеді.

Американдық галим Наташ Лайттың мойындауышына: "Аз тоңтарға қатысты тарихи зерттеулер кобінесе жетімсіздікін жазылды. Зерттеулерге аз тоңтардың өкілдерінің қатысуы шектелді. Билесунің кониілік үлгитың алдыңы қатарлы зерттеушілерінің сұбектері қайнаркоздердің негізін айналды, азының тоңтардың идеялары мен мотивтері сирек талқылауды" /10,36/. Мине, сонықтан да "алдыңы қатарлы" зерттеушілер үйін концептілердің тарихының кон мәселелері түсініксіз күйінде қалды да олардың оздігінин шешіуге тырысқан талыныстыры өзімнілдікін бүрмаланды, орекшел қателіктерге жол берілді.

Түркілердің XI-XIII ғасырлардағы Иранды жаулаш алулары жайлы зерттеу сұбектерінс келсек, бұл салада И.Петрушевскийдің "Иран и Азербайджан под властью Хулагуйдов", Р.А.Гусейновтың "Огузы, кыпчаки и Азербайджан XI-XIIв.в", М.А.Лордкипанидзенің "История Грузии XI-нач. XIIIв.в", Р.А.Гусейновтың "Иракские сельджукиды, ильдегизиды и Закавказье" атты сұбектерді атауга болады. Аты аталған ғалымдар араб-нарасы қайнаркоздерін пайдаланып орта ғасырлардағы мұсылман өлеміндегі түркілік мемлекеттік үйымдардың тарихы бойынша біраз зерттеу сұбектерін жазды. Дегенмен, түркі және ислам тарихына деген көңестік саяси-идеологиялық қозқарастың шектелген шенберінен шыға алмаған олар, түркілердің орта ғасырлық Кіші Азия мен Таяу Шығыс мемлекеттерінің ислам тарихындағы алар орыны мен діни маңызын ашып көрсетпеді.

Осы тақырынта қалам тартқан ирандық тарихшылар туралы да осыны айтуга болады. Абдол Али Дастрейбытың "Худжумә ордуйә могул бә Иран", М.Дж.Машкурлың "Торихе Ироизами", Азизолла Бейаттың "Тарихә Иран

аз зохурэ эслам та дэйоламэ", Реза Эсфаханидың "Иран аз зардоит та қиомхай ирани", А.Басанидың "Дин дар охдэ мөгүл"атты зерттеулери мазмұны жағынан кеңестік авторлар сұбектерімен сарындағ болып келеді. Жалпы алғанда, Түркістан түркілөрінің Иранды жаулаш алулары жайлыш кеңес және ирандық зерттеулерден бір сарындылықты байқауга болады. Тіпті, бұл зерттеулер өздерінің мақсаты мен мазмұны жағынан бір-біріне өте үқсас—екеуі де түркі-монгол халықтарының Иранды жаулаш алуларынан тек жапшай қырып жою, бақытсыздық пен елдің саяси-экономикалық және мәдени құлдырауын ғана коре алады.

Дегенмен де кейбір зерттеушілер сұбегінен түркілер билігі кезіндегі Ирандағы саяси-діни ақуалдың озгеруіне жақана көзқарасты байқауга болады. Әсіресе, Б.Шпіulerдің "Тарихә мөгүл дар Иран", Ширин Байанидьың "Иран дар бархурл бо мөгүл", К.Босворттың "Тарихә сиоси ва дудмониә Иран", атты зерттеу сұбектері мәселеге үйлесті түрде баға беруге тырысқан.

Түркілер билігі кезіндегі Ирандағы мәдени ақуалдың қалыптасуы мен дамуы жайлыш енбектердің ирандық авторлар жазған болігі көбінесе біржакты кетіп, Ирандағы ирандық емес мәдениетті козға ілмеуте тырысады. Бұл әсіресе, Мұхаммад Юсуф Кіапидың "Ма'мориә Иран. Ислам дәуірі", Фоламхуссейн Но'йдың "Ұлттық әмбапияның және Иран сәулетіндегі омірлік қасиеттер", Зейдан Джоржидің "Тарихә тамадуонұс эслам" атты зерттеулерінде анық байқалады.

Ал, осы тоңіректе зерттеу жүргізген басқа штедлік ғалымдардың десін түркілер дәуіріндегі Ирандағы ислам оркенистікен концепті-түркі мәденистінің сарынын анық байқайды. Осындағ ғалымдар тобына Дж. Хуг, Дональд Н. Вильбер, П. Палолези сияқты зерттеушілерді жатқызуға болады.

Алайда, бұл зерттеушілер де түркілік достүрлі мәдениеттің етепе таныс болмағандықтан ислам мен иран мәденистіндегі концепциялік сарындарды үзілді-кесілді түрде түркілерге тели алмады.

Зерттеуде қазіргі заманғы иран тарихшыларының орта гасырлық араб-парсы деректеріне сүйене отырып жазған сұбектерін бірінші тоңқа жатқызуға болады. Түркілер қозғалысы қарсаңындағы Иран жайлыш мәліметтердің кейбірі Реза Эсфаханидің "Иран аз зардоит то қиомхай ирани", А.Беяттың "Тарихе Иран аз зохуре ислам то дейломә" алынды. Ал XI-XIII ғғ. түркілөрдің Иранды жаулаш алулары жайлыш деректер М.Дж.Машкурдың "Тарихе иран замин", Абдол Эли Дастрхейбтің "Худжуме ордуй мөгүл бе Иран", Э.Антиапидің "Тарихе мөгүл" сұбектеріндегі мәліметтермен салыстырылады.

XI-XIII ғғ. Иранды жаулаш алушы түркілөрдің осы аймақтагы саяси-мәдени және діни мұралары жайлыш мәліметтер ирандық зерттеушілер Ширин Баянидің "Иран дар бар хурл бо мөгүл", А.Басанидің "Дин дар охде мөгүл" және "Дин дар охде салжуқи", С.Сафаның "A history of the Islamic era", М.Кианидің "Тарихе хонаре ма'марис ислами", И.Зарринкубытың "Карнамейс ислами" атты зерттеулерінен сыйни көзқарастар ретінде алынды.

Аталмыш тақырыптар бойынша зерттеулер жүргізген кеңес дәуірі ғалымдарының тарихнамалық сұбектерін жатқызуға болады. Кеңестік

зерттеушілер В.В.Бартольдтың, С.Г.Агаджановтың, Р.Гусейнов, И.Петрушевский, З.Буниятов, С.Г.Феодоров-Давыдов, т.б. сияқты ғалымдардың да атальмыш тақырыптар бойынша жазған еңбектеріне ұсынылып отырған зерттеуде біршама сілтемелер жасалды.

Зерттеуде батыс зерттеушілерінің Ирандағы түркілік билік кезіндегі мәдени мұралары жайлы археологиялық, этнографиялық және деректануышылық зерттеулері де кеңінен пайдаланылды. Бұл орайда К.Босворт, Н.Вильбер, Дж.Хуг, Б.Шпuler, Э.Кунель, Дж.Поп, Г.Лейзер, Дж.Гильберт, Э.Лэмбтон, З.Джоржи, Д.Морган сияқты зерттеушілердің еңбектерін бөле айтуга болады.

Еңбекте сондай-ақ, қазақтың көрнекіті зерттеушілерінің археологиялық, этнографиялық және тарихнамалық зерттеулері кеңінен пайдаланылды. О.Жәнібеков, Ә.Марғұлан, Б.Т.Тұяқбасса, М.Мендиқұлов, К.Байпақов, Ә.Төлеубаев, т.б. сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі түркілердің рухани-материалдық мәдениеті жайлы мәліметтері, М.С. Орынбеков, Р.М.Мұстафина, Н.Д.Нұртазина, А.Фалиев, т.б. сияқты зерттеушілердің жұмыстарынан түркілердің дәстүрлі дүниетанымы жайлы пікірлері, сондай-ақ Қ.Т.Жұмағұловтың еңбектері ұлы қоныс аударулар қарсаңындағы консерман тайпалары мен Иран мен ислам әлемін жауап алулары қарсаңындағы түркілер қоғамын салыстырулар кезінде кеңінен пайдаланылды. Сондай-ақ Б.Е.Комеков, С.М.Ақынжанов, К.Р.Аманжолов, З.З.Жандарбек, А.Қалырбаев, С.М.Сыздыков, С.Ә.Тортасев, С.Әбушәріп сияқты тарихшы ғалымдардың орта ғасырлық түркі мемлекеттерінің тарихы жайлы зерттеу еңбектеріндегі тұжырымдары да диссертация барысында кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу барысында З.Валиди Тоган, Парлак, Тұран, Асланапа сияқты түрік зерттеушілерінің еңбектері де кеңінен пайдаланылды. Эсірессе, З.В.Тоганиң “Kuran ve turkler”, О.Асланапаның “Turk sanati”, Т.Парлактың этнографиялық еңбектеріндегі мәліметтерге зерттеуде кеңінен орын берілді.

**Зерттеудің деректік негізі.** Зерттеу барысында бұған дейін пайдаланылған және әлі де отандық ғылыми айналысқа түсे қоймаган біршама еңбектер дереккөз ретінде кеңінен пайдаланылды. Диссертация мақсатына орай бұл дереккөздерге ретімен, тиімді түрде сілтемелер жасалынып, келтірілген деректер зерттеу талабына сай тұжырымдалды. Мысалы, орта ғасырлық анонимді автордың “Аджайб ад-дунийа” атты еңбегі, Иақубидің “Ал-Булданы”, Истахридің “Масолек ва мамолесі”, Бирунидің шығармалары, Ибн Исхак Абусайәдтің “Тарихә Гардизи” мен М.Қашқаридің “Дивани лугат ат-туркій” мен Плано Карпини, Гильома де Рубрук және Марко Полоның еңбектері XI-XIII ғ.ғ. түркілердің орналасуы, шаруашылығы мен мәдениеті, дүниетанымы туралы мол мәліметтер бере алды.

Дереккөздер ретінде негізінен ортағасырлық араб-парсы тарихшыларының еңбектері көбірек алынды. XI ғасырдағы Түркістан түркілерінің Иранды жауап алуларына байланысты Садр ад-дин әл-Хусайнидің “Ахбар ад-даулат ас-салжукқа”, Равандидің “Рахат ас-судур уа рауайе ас-сурур дар тарих ас-салжук”, Насер Хосроудің “Сафар-намасы” сияқты дереккөз селжук топтарының қалыптасуы мен олардың алғашқы саяси белсенелілігінің байқалуыны қатысты оқиғаларга талдау жасалғанда пайдаланылды.

XIII ғасырдагы моңгол-түркілердің жаулан алуларына байланысты мәселелер төңірегінде Ранил ад-диншің “Джами ат-тауарих”, Ата Мәлік Джувейнидің “Тарихе Джахангұша”, Хондмирдің “Тарихә әл-Асир”, Шахаб ад-дин ан-Нисавидің “Сират Джаяләл ад-дин Минкбурни” т.б. сияқты кең танымал еңбектер мен қатар Афзал ад-дин Керманидің “Тарихе Керман”, Әбу әл-Хасан әл-Кашанидің “Тарихе Олжайту”, Хендушах ибн Санжар Нахджеванидің “Таджароб ас-сафа”, “Тарихе Адаб Сафа”, Ақсарайдың “Тарихе саложеке” сияқты отандық ғылыми айналымға түссе қоймаган дерек көздеріндегі мәліметтер кеңінен пайдаланды.

Осы орайда Афзал ад-дин Керманидің “Тарихе Керман” атты еңбегінде XII ғасырдагы селжүктөр билігі кезіндегі Ирандағы саяси ақуалмен қатар селжүктөр қол астындағы Орта Азия мен Қазақстандағы саяси оқиғалар турасында да мәліметтер бере алады. Әбу әл-Хасан әл-Кашанидің “Тарихе Олжайту” шығармасы да екінші ильхан Олжайтуға ариалып, негізінен осы билеушінің тұсындағы Ирандағы саяси оқиғаларды қамти отырып, Алтын Ордамен қарым қатынасты суреттегендегі ондағы саяси ақуал жайлы да мәліметтер бере кетеді.

**Зерттеудің методологиялық және теориялық негізі.** Бұл зерттеу жұмысында басты қолданылған әдіс—салыстыру, талдау және синтез әдістері болды. Зерттеу жұмысы негізінен тарихи принцип жүйесінде құрылымдық талдау және түйіндесу, тарихи-салыстырмалы талдау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асты.

Ираниң орта ғасырлық тарихы мен мәдениетін жаңаңа қозқарас түргысынан сарадау, қалыптасқан қазіргі кезеңдегі объективтік және сыйништілік талдау мен сараптау принципін басты ұстанымда болды. Әдістемелік негізі тарихи-объективтілік және жүйелілік болып табылады. Диссертациядағы кейір мәселелердің нақтылай түсү үшін проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихилық тәсілдері қолданылды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалықтары.** Зерттеудің ғылыми жаңалығы—ислам оркенистіндегі түркілік мәдениеттің айқын қолтаңбасын, орта ғасырлардағы ислам әлеміндегі діни-мәдени ақуалдың Орталық Азиядағы түркі тайпаларының енүімен өзгеруі тақырыбы түркілердің дүниетанымы мен нағым сенімдері негізінде алғаш рет кең колемде ариайды ғылыми зерттеудің объектиі болғандығы. Алғаш рет ислам оркенистіне түркілердің өз үлесін қосуы, ислам әлеміндегі оқиғаларға түркі-қошыншылардың белсенді араласуы тек әлеуметтік-саяси себептермен ғана шектелмей, бұл құбылыстың заңдылықтары түркілердің тол мәденисті және дүниетанымымен байланыстары және жақты зерттелді. Сонымен жұмыстың жаңалығы ретінде мыналарды көрсетуге болады:

—түркілердің Тәңірлік сенімі мен ислам діні арасындағы рухани сабактастық арқылы түркілердің исламды қабылдауының себептері түсіндірілді;

—түркілердің жаулан алулары қарсаңындағы ислам әлеміндегі орын алған саяси-әлеуметтік дағдарыстарға талдау жасалды;

—ислам әлеміндегі саяси-әлеуметтік дағдарыстар пәтижесінде орын алған халықтың наразылығы түркілердің басын алуларына оң ықпал жасаганы дәлелденеді;

—орта ғасырларда Иранға енген түркілердің этникалық құрылымына талдау жасалды;

—түркілердің Иранда құрған саяси билік жүйесінің аймақтагы саяси ақуалдың реттеуі, бір орталыққа бағындырыуы, саяси жүйесі анағұрлым жетілген жаңа биліктің сліде тәртіп орнатулары көрсетілді;

—бұған дейін ислам өлемінде мәдениеті төмен болып есептелген монгол-түркілердің ислам өркениетіне қосқан үлесі көрсетілді;

—түркілердің ислам өркениетіне (ғылым, сөulet, қолөнер, т.б) қосқан тол үлестері көрсетілді;

**Зерттеудің хронологиялық шеңбері:** Түркістан түркілерінің Иранды жауап алударының діни, саяси және мәдени себеп-салдарларының хронологиялық шеңберін селжүк түркілерінің XI ғасырдың басында Түркістаннның Сырдария өзенінің төменгі сағасынан жылжып, 1040 жылы Даиндекан түбіндегі газиа өскерінсөккө беруімен басталып, 1353 жылы соңғы ильхан Тұға Темір ханның қайтыс болуымен шектеледі. Зерттеу кезеңіндегі саяси оқигаларға дұрыс баға беру мақсатында X ғасырдағы Иран мен Түркістанда орын алған саяси оқигаларға талдау жасау мақсатымен бірінші тарауда хронологиялық шегіністер жасалады.

#### Зерттеу нәтижелерінің қолданыстық маңызы.

Диссертацияда Иранға синапі қөшпеніл түркі халықтарының діни наим-сенимдерінің исламмен қатысы терен қарастырылды, соның нәтижесінде түркілер дүниетанымының исламмен рухани тамырластығы анықталды. Бұл қазақ халқының исламмен тарихи тамырластық нәтижесінде біte қайнасуын көрсетіп, исламның қазақ дүниетанымының ажырағысыз бөлігі екенін дәлелдей түседі. Ал, бұл өз кезегінде, қазіргі кезде әлеуметтік ақуалды пайдаланып, өздерінің саяси мақсаттарына орай қазақ халқын өз дінінен шығарып, аластыруны шет елдік миссионерлердің өрекетіне ғылыми түрде тоқауыл қояды.

Бұған дейін түркілердің ислам өлеміне енүін тек саяси-әлеуметтік түргыдан қарастырылса, сиді, тарихи дереккөздерге сүйене отырып, түркілердің ислам өлемін жауап алудың діни аспектілері де ашылды. Бұл орта ғасырлық ислам өлемінде орын алған саяси оқигаларға түркілердің белсенді араласқандығын көрсетеді. Қазіргі кезеңде әлемдік халықаралық катынастардың негізінде діни факторлардың жатқаны жасырын емес. Осындай жағдайда еліміздің ислам қауымдастығында орын алғып жатқан саяси оқигаларға белсенді араласуына алғышарттар жасайды.

Адамзат тарихында маңызды орын алатын ислам өркениетіне түркі қөшпенілдері қосқан үлесі сарапталды. Осы арқылы олардың исламның мәдени тарихында алар орынна байланысты тарихи өділесттілік қалпына келтіріліп, тарих беттеріндегі өздеріне лайықты орын айқындалды. Тәуелсіздігіміздің тарихи өділесттіктерді толық қалпына келтірмей баянсыз болатыны түсінкті жағдай. Ал, өздерінің мекен ету ортасынан тыскары аймақтарда дәстүрлі мәдениеттерінің әсерлерін молынан қалдыраған түркілердің мәдени мұраларын зерттеп, иемдену осы тәуелсіздігімізді бескітіп қана қоймай, рухани-материалдық мәдениетімізді қалпына келтіруде баға жетпес маңызды қадамдар болары анық. Осы орайда, Ирандағы, қала берді ислам өркениетіндегі түркілік-қөшпенілік мәдени әссерлерді зерттеу осы уақытқа дейінгі қалыптасқан түркілік өркениетке

комсына қараунылыққа қарсы негізді тосқауылдар қойып, осы салаларда жаңа зерттеулердің басталуына себеппен болары анық.

Сондай-ақ зерттеу жұмысының деректері мен гылыми материалдарын шығыстану, тарих және филология факультеттері мен діни мәдреселерде арнайы курстар оқытуда пайдалануға болады. Сонымен бірге, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарын және гылыми сабектер даярлауда пайдалануға өз септігін тигізеді.

### **Жұмыста дәйектелетін негізгі тұжырымдар.**

-Түркілер мен ирандықтардың исламға қатысның кайта қараш, дүниетанымдық таудау жасап, бұл арқылы екі халықтың ислам дінін қабылдау ерекшеліктерін қарастырады.

-Түркілер жауап алулары қарсаңындағы Иран мен ислам әлеміндегі саяси жағдайға шынайы баға беріп, осы арқылы түркілердің жауап алуларының маңызын анып корсетеді.

-Ирандағы XI-XIY ғ.ғ. түркі мемлекеттерінің орлеу, құлдырау себептерін объективті түрде корсетіп, бұған дейін тантырауын болған себептерден озгеше, жергілікті нарықтың билік оқілдерінің де түркі мемлекеттерінің құлдырау процесін жеделдіктені корсетіледі;

-Бұған дейін әділестір түрде сынға алышын көлген моңгол-түркілердің Иранды жауап алуларының жағымды синаттары корсетіліп, олардың билігінен қалған саяси, рухани және мәдени құндылықтарды таңдан, дәйектеледі;

-Түркі билеушілері мен жауаптерлерінің моральдық кескін-келбесті айқындалып, бұрынғы қалыптасқан жағымсыз бейнеслеріне қайны діннілдік, мәдениет иен әділест негіз болған маңызы нақты мәліметтермен дәлелденеді;

-Тілдік, рухани және дүниетанымдық синаттарымен селжүктер – атабектер – моңгол-түркілер сабактастығы дәлелденеді. Бұрынғыдай оларды жеке-дара тоитар ретінде қарамай, біргұтас аймақтан шыққан, біргұтас этникалық тои ретінде қараша үрдісін қалыптастырады;

-Иран мен ислам әлеміндегі түркілер жасаган мәдени-рухани мұраларды әддегідей олардың ирандық уәзірлерінің жұмысының шотижелері стін қарастырмай, дәстүрлі түркі мәдениетінің жалғасы екенин дәлелдейді.

**Диссертацияның сыннан отуі.** Жұмыстың негізгі корытындылары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің әл-Фараби гылыми орталығында (Алматы, қазан 2001ж), Қайnar университетінде (Алматы, қыркүйек, 2001ж) және М.О.Әүезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде (Шымкент, қараша 2001 ж.) откен халықаралық гылыми-практикалық конференцияларына гылыми тезистер түрінде, сондай-ақ сліміздің гылыми басылымдарына 7 гылыми мақалалар түрінде ұсынылды.

**Диссертация құрылымы.** Зерттеу жұмысы кіріснеден, үш негізгі тараудан, корытындыдан және қосымшадан тұрады.

## **ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМУНЫ**

**Түркілердің жауап алулары қарсаңындағы Иран мен Түркістан атты бірнеше тарауда X-XI ғғ. атамын аймақтардағы саяси-діни ақуалдарға талдау жасалады.**

Түркілердің ортағасырлық Ирандағы тарихи маңызы олардың осы аймактагы діни-саяси ақуалдарға өсер еткен іс-әрекеттерімен олшенеді. Міне, соңдықтанда салыстыра талдау мақсатында түркілер жаулаш алудары қарсаңындағы Ирандағы саяси-діни ақуалдың қалыптасу деңгейін қайта елкен откізу осы тарау міндеті болады. Хронологиялық шегініске орын беріп, осы тарихи оқигаларға шолу жасап кету және оның нәтижелерін келесі тараудағы түркілер мекен ету аймагындағы үқсас жағдаймен салыстыра қарастыру, зерттеуге арқау болар мәселелерді түсінікті етері даусыз. Соңдықтан да, бұл тарауда ең алдымен ислам дінінің Иранға тарау ерекшеліктері, жаңа діннің келуімен байланысты Иранда орын алған саяси ақуал мәселелері соз болады.

Жалпы, түркілердің Иранды жаулаш алу қарсаңында Иранда өте құрделі діни-саяси ақуал қалыптасты. Оларды тоңташ корсетер болсақ: 1) ислам діні мен оны таратушылардың ирандық көне дәстүрді ұстанушылар тараудың айтарлықтай қарсылыққа ұшырауы; 2) ислам діні мен араб ұstemдігіне наразылық ретінде бірнеше ұсақ мемлекеттердің пайда болып, саяси бытыраңқылыққа ұшырау; 3) саяси-діни дағдарысқа қарсы тұрарлық күш – халифат билігінің осалдығы; 4) дәстүрлі исламға қайшы келетін діни ағымдардың пайдада болуы және осының негізінде діни алауыздықтың оршуі; 5) ислам әлеміндегі сыртқы саяси дағдарыс.

Осы мәселелерді жеке-жеке талдау, кейінгі тарауларда түркілер жаулаш алуарына кейінгі осы ақуалдың озгеріске түскенін салыстыра талдау зерттеу мақсатының бір болігі болып табылады. Сонымен, Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбар қайтыс болған соң бір жылдан кейін оның бірінші орынбасары Әбу Бокір кезінде сасанилік Иранды арабтардың жаулаш алуы басталды. VIII-IX ғ.ғ. араб халифатының қол астындағы Иранда парсылардың біразы оз діндері – зороастризмге адалдығын сақташ, жасырын түрле, кейде анықтан-анық ескі панымдарын дөріктей бергенмен де ел біргінде исламдана бастады.

Халықтың исламдануы географиялық жағдайларға да байланысты болды. Ираниң оргалығы мен батысы исламды ерте қабылдағанмен, елдің солтүстігі мен шығысы, оңтүстігі ұзак уақыт зороастризм дініне адад болып қалып, жаңа дінге қарсы ымырасыз күрес жүргізді /11,536/. Сасанилік Ираниң лаңқын қайта әкелмекні болған ислам мен арабтарға қарсы ұлғышыл қозғалыстар етек алды. Иран түркілер жаулаш алуары қарсаңында бірінен соң бірі тарих сахнасына шыққан осындағы қозғалыстардың елді біргұтас азат ел етіп біріктіруге жасалған қадамдарына қарамастан және аббас халифтығының осалдығынан, бірнеше тәуелсіз бытыранқы үсак мемлекеттер түрінде қала берді.

Түркілер келуі қарсаңындағы ислам қогамы үшін ең өзекті мәселелердің бірі ол исламдагы әр түрлі діни ағымдар арасындағы алауыздықтар еді. Ислам пайғамбary (ғ.с.) қайтыс болған соң оның орынбасарларын тағайындау осы алауыздықтардың негізгі себепшісі болды. Діни ағымдардың күнірлік (еретикалық) идеологиясының күшеюі олардың қарулы жолмен өз мемлекеттерін құруға алып келді. Діни негізінде құрылған мемлекеттерге солтүстік Ирандағы селжүктердің алдында негізгі қалыптасып, олардың билігі кезінде құрылған (1090ж.) исмайлышлар мемлекеті мен Баҳрейндегі карматтар мемлекетін атауга болады.

Х гасырдың аяғын ала ұлан байтақ араб халифатының сыртқы саясаты да дағдарысқа ұшырай бастады. Халифаттың ішкі осылдығын ұтымды пайдаланған Византия империясы бүрпі мұсылмандар жаулаң алған жерлерін қайтарып алғып, енді ислам әлеміне тікелей қауіп төндіре бастады. Оқиғаның бұдан әрі өріс алуы халифат иелігіне ғана емес, ислам әлеміне, қала берді ислам дініне аса қауіпті еді. Алғашқы халифтар кезінде ислам әлеміне қосылған ұлан-байтақ иеліктер біргінде уыстан шыға бастады. Бұл процесс әсіресе, Византия империясының басына бірінен соң бірі келген қолбасшылар Никифор Фоку, Иоанна Цимисхия, Василий II Болгаровайцтың кезінде күшіне түсті. Осы еуропалық-христиандық тұлғалар кезінде мұсылмандардан Крит аралы, Кири, Алеопіо, Масисса, Тарс қамалы, Хама мен Химс, Летакия, Антиохия тартып алғанды. Христиандық мұлдделерді желеу еткен армян-грузин шатталарының Иранның солтүстік аймақтарына қаупі де анық байқала бастады.

Ислам халифатының басшылығы ислам әлеміндегі сыртқы және ішкі дағдарысты реттеуге мұлдем дәрменсіздік танытты. Ислам әлеміндегі қалыптасқан қызын саяси-әлеуметтік жағдай бұл келенсіздіктерді реттелуі сырттан келетін үшінші қүштердің араласуыныз мүмкін емес екенині байқатты.

Дәл осы кезде Түркістанның кең байтақ даласын мекендейен копиенде түркілер, барлық қып-жігерлерімен, енқандай да кедергілерге қарамастан мұсылмандар иелігіне үмтүлды. Осы қозғалыстар қарсаңында копиендер оз аймақтарында түрлі этникалық салыныстарға түсті. Олар мал жайылымдары мен орістеріне қажеттіліктердің осуі салдарынан озара жауласуға душар болып, әлсіздері жеңіліс тауып, оз иеліктерін жеңімназ қарсыластарына беруге мәжбүр болды да, табын-табын малдарына жаңа жайылымдар ізден, салыстырмалы бос жатқан жерлерге жоңқылді. Сондай-ақ копиендермен арадагы сауданың дамуына байланысты маңызы оскен онтүстіктері қалаларға ие болуга бәсекелестік те түркі копиендерінің осы аймаққа ағылуына себеп болды /12,1216/. Салыстыру үшін айта кетуге болады, Еуропадағы Ұлы қоныс аударулар қарсаңында да Рим империясымен солтүстік арасындағы сауда қатынастарының герман тайпалары үшін маңызының айтартылған болғандығы белгілі /13,196/.

Түркілер аббас халифаты иелігіндегі Иранның солтүстік-шығысындағы Хорасаниң шекаралас қалалары мен ауылдарына дүркін-дүркін шабуыл жасап отырды. X гасырда оғыздарға қарсы саманилер тарағынан Джурджан, Дехистан, Ферава шекаралық бекіністері салынды. Хорасан мен гүз даласының аралығында қорғаныс сыйығы найда болды /14,226/. Дегенмен, бұл бекіністер түркілер тасқынын үақытына тоқтатқанмен, көшпендерге түпкілікті қарсы тұра алмады.

XI гасырдың бірінші жартысында Түркістан аймағынан шығып, ұзак уақыт бойы гүлденген ғазиауд әулетіне соққы беріп, олардан Хорасанды тартып алған соң, аббасилер халифатының қол астындағы Иран жері мен бүкіл Кіші Азияны жаулаң алған түркі халықтарының селжүк тонтары осы аймақта өздерінің мемлекеттерін құрды. Селжүктердің жаңа аймақта саяси табыстарға жетуіне түркілерге тән жогары өскери дайындықпен қатар, олардың осы аймаққа ислам әлемін діниң ішкі жаулары (карматтар мен исмайлышылар сияқты әр түрлі құпірлік ағымдар) мен сыртқы жаулардан (Византия империясы, крестийлер қозғалысы, грузин-армян шат-

лықтары) күтқаруышылар ретінде келуі де оң ықнай жасады. Осы тарихи маңызды оқиғага талдау жасаған зерттеушілер түрлі себептерге байланысты ислам олемі үшін аса маңызды кезеңге саяси реңді көбірек беріп, саяси үрдістердің түркілердің дүниетанымымен сабактастырын қозғе ілмеді. Әсіресе, алғашқы селжүк билеушілерінің сол кездегі жалпы түркілік тазалыққа негізделген жоғары жеке моральдық қасиеттерінің, олардың өзініне, десноттанған отырықны билік дәстүрлерінің өсеріне үшірай қоймаган билік жүйесінің алғашқы халифтер кезіндегі ислам қаригаларының тараптарына сәйкестігі олардың мұсылмандар арасындағы беделінің осін, түркілердің шыны мәнінде ислам мен мұсылмандардың нағыз корғаныны мен тірері дөрежесіне жеткізді. Түркілердің саяси белсенділігінің аргы потижесінде батыстағы шекараның кішіреюі, есесіне шыныстарты халифат шекарасының түркілер белсенділігінің өсерінен көңеюімен ұласти. Оздерінің дәстүрлі мекен ету ортасын тастап шығып, салыстырмалы түрде экономикалық-мәдени ерекшеліктерге ие отырықшылар аймагын жауап алударымен қатар, осы аймақтардағы діні-саяси акуалға өсер ету стихиялы түрде іске асуы күман тудырады. Шынында да тарихи деректерді талдау түркілердің саяси белсенділігінің себебі олардың ислам дінімен қатысына байланысты екендігін корсетіп отыр. Түркі қоғамының исламдану үрдісінің ерекшеліктерін қайта елекten откізіп, түркілер – ислам олемі, түркілік дүниетаным – ислам діні қатынастарын терең талдамаса зерттеуде мақсат етіп қойылған мәселелердің түсінікісі болып, басы анық күйінде қалатыны шұбасыз. Осы олқыянықтардың орынны толтыру мақсатында түркілердің ислам дінін қабылдау үрдісін қайта елекten откізу осы тарауши міндеті болып отыр.

Жалпы, түркілердің исламды қабылдауына бірнеше маңызды факторлардың тікелей қатысы болды. Бұл факторларды атап айттар болсақ олар: 1) географиялық фактор; 2) исламның түркілердің дәстүрлі дүниетанымымен, әсіресе, Тәңірі сенімімен рухани сабактастыры; 4) араб жауап алудары мен соның потижесінде ислам миссионерлері мен ғұламаларының үтіг-насихат жұмыстары; 5) түркілердің билік жүйесі мен исламдағы басқару принциптерінің тамырластыры;

Орта гасырлық араб саяхатшысы иби Фадлан – "Егер түркі бір жамандықта таң болса аспанаға қараң "бір тенгри" – яғни, жалғыз құдай, дейді". Ол, "түркілердің мұсылмандарға жақындасу үшін "Алладан басқа құдай жок, Мұхаммед оның елинің" деген сөзін естідім" – олар Құран оқығанда үйин тыңдайды" /15,1516/ дең жазды. Бірақ, олардың Алла тағалага қатысын тарихшының айтқанындаі, мұсылмандарға жақындауы үшін десек үлкен қателік болар еді. Мұның басты себебі Тәңірі мен Алла тағаланың магыналық үқастыры мен жақындығы еді. Түркілердің жалғыз құдайға сенуі жайлы XIII гасырдағы италиян саяхатшысы Плано Карини да "Олар (моңғолдар) жалғыз құдайға сенеді....Бірақ олар құдайына арнаи мадақ иен мінажат жасамайды" /16,256/ дейді.

Жоғарыдағы деректерді талдай отырып бір мәселенің басын ашып алуға болады – түркілер жалғыз құдайға сеніп, тек Тәңір дең аталатын осы жалғыз Жаратуныдан қорғанын іздеді. Түркілер Тәңірінің бүкіл олемнің жаратушысы дең білді. Сол себепті жақсылық та, жаманылық та бір Тәңірден дең білді. Осы орайда Құрандагы Алла Тағаланы мадақтауға

бағытталған "Тұнді күндізге айналдырасың да, күндізді тұнгеге айналдырасың", немесе "Өліден тіріні шыгарып, тіріден өліні шыгарасың, кімді қаласаң соган сансыз несібе бересің" деген аяттармен үндес көне түркі жазбаларының текстінен мына үзінділерді де мысалға келтіруге болады "Аспан мениң әкем Ілтеріс қаған мен анам Ілбілге қатының ез құдыретімен басқарып, оларды көкке котеріп әкетті. Қағанға басқаруға мемлекет беретін аспан, мені түркі аты мен халқы жоғалмасын деп Қаған етті. Аспанның ырқымен түркілер жеңіске жетті" /17,596/. Тәңіріге табынатын монғол тайпаларының ұғымынша да Аспан адамның барлық іс әрекетін көріп отырады, адам о дүниедегі болатын әділ соттан еш құтыла алмайды. Егер патша, халық, Аспан табиғатына қарама-қарсы бір іс істесе, онда бұған Аспанның жауабы ретінде таңғажайып бір кек қайтарылады /18,806/. Құранда бұл туралы "Сонда кім тозаңның түйіріндей салмақта жақсылық істеген болса, оны көреді. Ал, кімде-кім тозаң түйіріндей салмақта жамандық жасаса, оны да көреді" деп жазылған\*. Яғни, бұдан аспан - Тәңірі ұғымы тар мағынадағы материалдық аспан емес, исламдағы Алла Тағалла сияқты абсолюттік рух екенін байқау қын емес. Түркілердің дәстүрлі дүниетанымының ортасынан орын алатын Тәңірі сенімі мен исламның тамырластығы түркілердің басқа әлемдік діндерге қарағанда исламды шынайы қабылдаудына себепкер болды.

III-ғғ. Түркістан жеріне исламның әртүрлі оппозициялық ағымдарының келуі, түркі халықтарының діни көзқарастарына түбегейлі өзгерістер әкелді. Бірақ, бұл процесс түркі халықтарының көне діни танымдарын түгелімен жойып жібере алған жоқ. Керісінше, олар бірін-бірі байытып, жаңа діни-философиялық қозқарастарды қалыптастыруды. Ол өз кезеңінде исламдық мәдениетке, әлемдік мәдениетке ірі серпілістер әкелді. /19,226/. Осы орайда, Н.Д.Нұртазинаның дұрыс пайымдағанындағы тарихимәдениеттанушылық талдаулар ортағасырлық христиан, манихей, буддизм, индуизм, конфуцилік сияқты діндердің жағымды әсерлеріне қарамастан исламнан басқалары түркі қоғамының қоғамдық-мәдени дамуында түбегейлі секіріс әкеле алмағанын көрсетеді /20,436/.

Түркілердің исламды қабылдауда табысты болуладына түркілердің билік жүйесі мен исламдағы басқару принципінің тамырластығы да әсер етпей қоймады. Исламның алғашқы кезеңдеріндегі әлі деспоттана қоймаған мемлекетті билеу жүйесі мағыналық жағынан түркілік дәстүрмен сабактас болды. Біртұтас мемлекет билеушісі ретінде көшпенілдер табиғатына да монархия мен деспотизм жат болды. Түркілер мемлекетті басқаруда биліктің сатылы-еншілес жүйесін пайдаланды. Л.Н.Гумилевтың айтуынша Мұған хан (553-572) кезінде түркілер тақты иеленудің осы жаңа жүйесін енгізді. Бұл жүйе бойынша кіші іні үлкен ағага, ал немере аға немере туысқандарына тақты мұраға қалдыруды /21,126/. Ханның жақын туыстары билікке құқылы болды. Яғни, тақ тек бір ғана жеке тұлға мен оның үрпақтарының игілігі емес, мемлекетті басқаруға құқылы және оған керекті барлық талаптарға сай кандидаттардың тұтас бір тобының заңды игілігі болды. Ал олардың кандидатуrases "Жоғарғы Кеңес" — құрылтайда

\* Құран: Әли Фымран: 26-аят;

\* Құран: 99 сұре, 6,7,8-аяттар;

талқыланып, тек мемлекет басқарушысына қажетті барлық таланттарға сай таңдаулылары ғана билікке ие болды. Билемшілікке кандидат моральдық таланттарға сай, физикалық жағынан құнгті, деңсаулығы берік болуы тиіс болды /22,986/. Исламдық билік жүйесі мен түркілердің дәстүрлі басқару жүйесіндегі сабактастық түркі билеушілерінің жаңа дінге деген құрметтін молайтты, бұл үқастықтан Тәнірінің талабына сай, өз дүниетанымдарына жақын дәстүрлі әділеттікті көрді. Әлсірең, озгеріске түсे бастанған дәстүрлі билік жүйесін қалыпта келтіруші бірден-бір құш ретінде Құран жазбаларына үміт артты. Бұл үрдіс олардың ислам дінін қабылдаумен қатар жүрді.

Осылайша, түркілердің жана дінге қатысы ирандықтардың исламды қабылдаудын мүлде басқаша жағдайда орын алды. Исламның түркілер арасында кеңінен тарауының негізгі факторларына түркілердің дәстүрлі дүниетанымының жаңа дінмен дүниетанымдық ынгайластығы да әсер етпей қоймады. Ислам келмей тұрып-ак түркілердің жүргегінде исламның негізгі тіректерінің бірі—Тәнірі діні негізін салған жаңа дінмен мәндес қагидалар болды. Ислам дінінің жауынгерлік рухка қолдау көрсетіп, дін үшін соғысты шаригат бойынша зандастыруы да әскери тума талантқа ие түркілер үшін қолайлы болды.

*XI-XIV ғғ. түркілер билігіндегі Иран атты екінші тарауда түркілердің жаулап алуларының діни, саяси сипаты мен салдарлары қарастырылады.*

Бұл тарауда бізге белгілі тарихи деректерді сараптай келе араб халифаты құрамындағы Иран жеріне Орта Азия түркілерінің жаулап алған қоныстануын негізінен үш кезеңі қаралады.

- 1) Селжүк-түркілері кезеңі;
- 2) Атабектер кезеңі;
- 3) Түркі - монголдар кезеңі.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаттарында көрсеткеніміздей түркілердің билігі кезіндегі Ирандагы діни-саяси ақуалдағы оң өзгерістерді талдау ось тарауда сөз болады. Осыған қатысты бұл тарауда бірнеше мәселелөтталданып, тұжырымдалады. 1) Түркілердің Ирандагы діни-саяси манызы ашып, көрсету мақсатында мұсылман әлемінде түркілер мен оларды жаулап алуларына қатысты Құран-хадис мәліметтерін талдау; 2) Түркіле жаулап алуларының саяси салдарларының бірі ретінде Ирандагы ірілі ұсақты бытыранқылықтың жойылуына әсері; 3) Ислам мен Иран әлемінің сыртқы саясатындағы дагдарысты ақуалдың өзгеруі; 4) Дәрменсіз халиф билігін шектеп, ислам әлеміне түркілер билігінің орнауы; 5) Дін алауыздықтарға шектеу қойылып, діни ағымдарға толық бақылау орнату.

Ислам әлемін түркілердің жаулап алуының діни сипат алтуын бірнешіден, олардың ислам әлемінде орын алған діни-саяси негізделегі саяси әлеуметтік дағдарысты шешудегі ықпалдары себепкер болса, екіншіден ислам әлемінде осы бір киын саяси-әлеуметтік дағдарыстан шығуышыстан келер түркі жауынгерлерінің ислам әлемін жаулап алулары әсетеңдеген сарындағы діни жазбалар да түрткі болды. X-XI ғасырдағы ислам әлемінің дін өкілдері үшін шығыстағы түркілер дінді құтқарушыла роліне ие болды. Ислам әлеміндегі саяси әлеуметтік ахуал сенушілерді

назарын Бағдадқа смес, исламда мемлекет пен мешіт одағының идеалын қалыптастырыған, өздерін түгелдей дерлік тәуелсіз, бірақ халифаттың адаптациясы деп жариялаған шығыстағы түркілерге ауды. Селжүктегі кезіндегі түркілердің батысқа қозғалысы басталу қарсаңында осы қозғалыстың діни сипатқа ие болуына негіз болған факторлардың бірі, түркілердің батысқа қозғалысының алдын-ала болжайтын Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымыздан жеткен хадистер келтіріле бастады /23,216/.

Сыртқы, ішкі келенсіздіктерден әбден қажып, халиф билігінің дәрменсіздігіне көздері жеткен мұсылмандар селжүктегі, тіпті моңгол-түркілердің жаулат алуары кезінде жат жерлік басқыншылардың жойқын шабуылына мойынсынып, бұны хадистерде уәде етілген Алла тағаланың өздеріне жіберген құтқарушылар ретінде қабылдады. Осы жаулат алушылардың қожыраған ислам әлемін ретке келтіріп, кінәлілерді жазалайтынына сенди.

Иранның XI ғасырдағы саяси-мәдени өмірінде терең із қалдырыған түркілердің селжүктегі оғыз түркімен тайпасының қынық тармағынан шықты. Дегенмен, осы топ төңірегіне тоңталған ру-тайпалар құрамынанда басқа да түркілік элементтер көптеп қатысты. Иран мен Кіші Азиядағы топонимикада қышиақ, қаңлы, қарлық, этнонимдеріне қатысты атаулардың сакталуы осы пікірдің шындыққа жаңасатынын көрсетеді.

XI ғасырдың алпысынышы жылдарында селжүктегі Закавказье мен Орта Азия, Қазақстан, Алдыңғы және Кіші Азияда жаңа жаулат алу толқыны басталды. Алғы Арслан кезінде империя шегарасы Хотан аймағынан Хазар Дербенті мен Абхаз патшалығына дейін жетеді.

Түркілердің Иранды жаулат алуының ірі салдарларына христиан әлемінің осы дәуірде белсенді агрессиялық саясатын жүргізген армян-грузин патшалықтарының бірқатарының қаупін сейілтіп, олардың кейбірін ислам әлеміне қаратуы жатады /24,1876/.

Түркілердің Иранды жаулат алуарының тағы бір маңызды салдарларына осы аймақтарда тамырын тереңге жіберген күнірлік ағымдар, әсіресе исмайлышыларға қарсы қрестің белсенді жүргізуімен байланысты. Түркілер қарсаңында Иранда исмайлышылар тым арыға кетіп, косемдері Хасан ибн Сабахтың үйымдастыруымен котеріліс жасалып, Аламутта орталығы бар исмайлышылар мемлекетін құрды. Селжүк билеушілері исмайлышылардың мемлекет пен дінге келер қаупін түсініп, бар күш жігерлерін олардың мемлекеттерін құлатуға жұмсады. Селжүктегі исмайлышылар мемлекетін түпкілікті құлатуға шамасы келмесе де, осыдан кейін Аламуттағы исмайлышылар мемлекеті моңгол шапқыншылығына дейін аса қауіптілік байқатпады.

Түркілер мемлекетінің әлсіреуімен олардың түркілік рухтарының әлсіреп, ұлттық дағдарысқа үшірауымен қатар жүрді. Түркілік тума адалдық үшінші үрпақ кезінде-ақ парсыларға тән залымдық пен қулыққа ауысты. Кіші Азиялық селжүк сұлтандары үйымдастырып отырган түркілік дәстүр, ұжымдық тамақ ішү-“шөлен”, Мәлік шах кезінде қолданыстан шығарылып, бұл өз кезегінде көшпелі тайпалардың теріс реакциясын туғызды. “Қанқаш” (Кенес-Ж.Ж) атты көшпенді аксүйектердің жиыны сирек шақырылып, бұл кенесу жүйесі “көне парсылық мемлекет теориясына” орын берді.

Түркілер жауап алу кезінде Алдыңғы Азия халқының тығызы орналаспауы түркілердің өздерінің тілі, ұлтын сақтап қана қоймай аймақ халқының түркіленуіне де оң өсер етті. Түркілер билігі ислам өлемінде түрлі мемлекеттік институттардың пайда болуына алып келді. Селжүк мемлекетінде удж институты пайда болды. Жау ортасында орналасқан мемлекеттің шегаралас аймактарын қоргау—удждардың басты тапсырмасы болды. Ол Алғаш рет VII гасырда орхон эпиграфиялық жазуында “уч” формасында “қанат”, “фланг” мағынасында кездеседі. XI гасырга дейін түркілік “соңы”, “шеті”, ұшы, ұшкір, шыңы, мағынасына ие болса, XI гасырдан бастап бұрынғы мағынасын сақтай отырып, шығыс қайнаркөздерінде шегаралық түркілерді атағанда қолданылды. Иран Азербайжаныңда уджга байланысты Уджар, Уджарлы, Уджан, Уджбулақ, топонимдері кездеседі /25,146/.

Селжүк державасының құрылу процесінде тек алмасу ғана емес, жергілікті және қошпендейтердің әкелген мемлекеттік басқару формасының синтезі қалыптасты. Оғыз тайпаларындағы бұрынғы атабек институты енді жауап алынған елдердегі уәзірлер институтымен шенdestі. Бұдан соң да түркі билеушілері атабектер атты басқару институтымен Иран жерін билеуді жалғастыра берді. Бастапқыда атабектер деп билеушінің мұрагерін тәрбиелеп, баптайтын тәжірибелі, көрген-түйгені мол кісіні атады. Кейінірек біртұтас империя құлаган соң атабек деп тәуелсіз билеушілерді атайды /26,616/.

Гәйіжіде Ильдегиз (Елтеңіз) атабек (1140-1172) пен оның ұлы Палуан (1172-1186) Азербайжан атабектері биледі. Азербайжан атабектерінің негізін салушы Ильдегиз—қыпшақ тексті ғұлам болды. Атабектер ислам өлемінің бір парасы болып табылатын өз иеліктерін ислам өлемін жауап алуды мақсат тұтқан сыртқы жаулардан аяnbай қорғады. Ильдегизге Бағдад пен оның айналасынан басқа, Азербайжан, Арран, Ширван, ал-Джабил елі, Ирак, Хамадан, Гилян, Мазендеран, Исфахан, Рей, Хилат, Фарс, Хузистан, Мосул, Керман билеушілері бағынды.

Ильдегиз күш-қайраты мен табандылығы арқасында сұлтан билігінің беделін шебер пайдаланып, атабек дәрежесін оның қорғаушысы дәрежесіне көтерді. Ильдегиздің абайлаушылық сыртқы саясаты оның ірі саяси қайраткер екенін көрсетеді. Ол өзінің дәрежесін уақытша алдамшы табыстар үшін емес, өз ғулетінің иеліктерінің көбеюі үшін, орталықтың билігінің күшеюі үшін жұмысады. Атабектер ислам өлемінің бір парасы болып табылатын өз иеліктерін ислам өлемін жауап алуды мақсат тұтқан сыртқы жаулардан аяnbай қорғады.

XIII гасырдағы түркі-монголдар жауап алуы қарсаңдағы Иран мен Кіші Азиядағы саяси ақуал мынадай болды: исмайлышылар әкімі зинақорлық жолында, халиф зұлымдық пен қастандық жолында, жергілікті әкімдер өзара қырқыста болды /27,3436/.

Бұл кезде Иранның ішкі діни ақуал да мәз емес еді. Алғашқы селжүк билеушілері тұсындағы сунниттер мен шииттер арасындағы қақтығыстар енді сунниттердің мазхабтары арасындағы жанжалдарға ұласты. Иранның бірқатар қалаларында XII ғас. ортасында XIII ғас. басында билікке екі суннит мазхабы шафиiler мен ханифилер таласты.

Бірқатар дереккөздер монголдарды түркілерге теліп, монгол-түркілердің Иранды басып алуды бастаған кезде де жергілікті халық олардың түркілер екендігіне шуббесіз сенді.

Шыңғысханның басқа аймақтарға жорығы мақсатты болды. Көне түркі империясын қайта қалпына келтіру, халықаралық сауда жолдарына бақылау орнату осы мақсаттардың негізгілері болды. Шыңғысхан әу бастан-ақ әскери жорықтарының жемісті болуы үшін қолдагы бар мүмкіншіліктерді тиімді пайдалана білді.—түркілердің көне қарсыласы Иран мен парсы-тәжіктік мәдениет сонау Афрасияб түсінан бері талай мәрте түркілердің шабуылдарын бастан кеше де дәстүрлі Иран-Түран шегарасы болып табылатын Амудариядан өрі өтіп, енді жалдамалы түркілерді өздеріне одақтас ете, түркілер еліне ішкөрлөй ене бастады. Монгол шашынышылығының алдында түркі, ең алдымен қыншақ элементтері Орта Азияға енуі қүшіейді. Бұл хорезмиш армиясындағы қыншақ контингенттері еді. Хорезмнің түркіленуінің қүшіе түсініе көп әсер етті. XII ғ. ортасы мен XIII ғ. басында шыңғыстан қара қытай, қарлық т.б. Ертіс маңайы мен Жетісудан түркілер ағыны кіре бастаған болатын. Уақыт өте келе жаңа жерлерге келген түркілер өздерінің түркілік тегінен алшақтап, отырықшы мәдениетті бойларына сіңіруі заңды құбылыс. Олар өздерінің түркілік тегін сақтай білгенімен, бөрбір көне түркілік рухтың бірден-бір мұрагерлері—Орталық Азиядан келуші монгол-түркілерге қарағанда, парсы-соғдылық мәдениеттің элементтерін бойларына сіңіріп ұлгеріп, отырықшы дәстүр мен тәл дәстүрдің синтезін қалыптастырып, өзгеріске ұшырай бастаған болатын /28,196/.

Коне түркі империясын қалпына келтірумен бір мезгілде, сауда жолдарының дені отетін ислам елдерін жаулаш алуды оз жоспарына кіргізген Шыңғысхан сауда керуенін жасақтан Отыраға жонелтеді. Керуен мақсатты жеріне жеткенде тоналып, керуен мүшелері түгел олтірілді. Түркі империясын қайта құруда хорезмшахтардың жалдамалы түркілерге сүйене отырып, барынша қарсылық көрсетерін нағымдаган Шыңғысхан үшін хорезмшахтың өкілінің бұл саяси көрегенсіздіктері ынғайлы саяси ақуал қалыптастырыды. Шыңғысхан әуелі өзінің көршілестерін, содан соң мұсылман иеліктерін жаулаш алу жоспарын іске асыра бастады /29,216/. Монголдардың табысты жорығына жаулаш алушы аймақтардағы діни ақуал да шешуші роль атқарды. Әсірессе, Шыңғыс Түркістанда Күшиі ханының мұсылмандарды қудалауы діни сенімді аса қадірлейтін Шыңғысханиң осы аймакқа жорығын сәтті ете түсті.

Түркі-монголдардың Иранды жаулаш алуларына және бұл жерде жергілікті мұсылмандардың мұдделеріне сәйкес салыстырмалы ұзақ мерзімге өз биліктерін орнатуладына олардың дүниетанымдық көзқарастарының әсері болғандығы сөзсіз. Шыңғысхан жорығының бас айналдырып табыстарға жетуіне, біздіңше, монгол-түркі жауынгерлерінің олардың дүниетанымымен байланысты берік рух иен діншілдіктері себеп болған сияқты. Көрнекті орыс философ-тариҳшысы Н.Трубецкойдың дүрыс байқаганында “....Шыңғысхан мемлекеттің тағы бір маңызды ерекшелігі ол осы мемлекеттегі дін жағдайына байланысты. Терең діни сенімшеге ие бола отырып, өзінің жеке басын Жаратушымен байланыстыра отырып, Ұлы Хан бұл қасиетті өзіне бағынышты тобырдан да көргісі келді.

Оз борышын қорқынысыз, бұлжытпай орындау үшін жауынгер сенімді түрде теориялық жағына емес, интуитивті түрде жан-тәнімен тағдырының әлемдегі басқа да адамдардың тағдыры сияқты жеке адамның қолында емес, мәңгі биік, талқылауга келмейтін Құдай қолында екендігіне сену аса маңызды болды. Тәртіпті жауынгер оз бастығына соғыс бағынады. Бірақ, ол озіне деген құрметті де аяқ асты етпейді. Ол іс жүзінде материалды, дүниядың байлық пен жалған памысқа бас ұратын құлдық психологиядан даа еді. Шыңғысхан да оз қағандығындағы осындаш шынайы діншіл жауынгерлерін бағалай білді"- деп түйіндеді. Монгол-түркілердің дүниетанымына бұдан артық баға беруге болмас. Дәл осы діншілдік олардың ислам әлеміндегі саяси жеңістерін сабеппі болды. Дегенмен Н.Трубецкой қалай болғанды да моңгол-түркілердің қаңдай нағымда болғандығын айтпайды, мәселең ашық қалдырады – “....Ол өз бағыныштыларына дігматикалық, дәстүрлермен әдептеген қаңдай да бір дінді күштеш таңбады. Міне, соңдықтанда оның мемлекетінде ресми дін болмады. Ал, өзі қарапайым дін-шамандықты ұстанып, соған сенді” /30,2366/. Оның қарапайым сенім дең аса назар аудармай отырган осы “шамандық”- Тәңірі діні олардың империясында басқа әлемдік діндермен қақтығысқа келмей, қатар дамып, идеялық жағына бір-бірін толықтыруға септігін тигізді. Басқаппа айтқанда, олардың Тәңірі сенімі басқа әлемдік діндерді өне бойына қатар оринастыра алғатып тересі де, мықты іргетас болды. Бірақ, үзак уақытқы идеологиялық үрдістер барысында Тәңірі сенімімен идеялық жақындығы басқа діндерге қарағанды исламда басым болып, нәтижесінде олардың алдындағы басқа да түркілер сияқты ислам дінінің түркілер үшін басты дін болуына себепкер болды.

Коне түркілік Тәңірі (асна) созіп Шыңғыс хан грамоталарында Ұлы құдай, халықтар мен олардың билеушілердің тағдыры сұралатын құдірет түрінде көздестіреміз. Моңголдар оз грамоталарын әрқаппа “Мәңгі Тәңірі қүшімін” деген сөздермен бастады. Бұл дәстүр мұсылмандаштардың әр-түрлі жазба материалдарын “Мейірімді де рахымды Алла аттымен бастаймын” деген исламдық дәстүрмен бастауымен сабактас екенін көрміз.

Шыңғыс хан әскерінің Иранды жаулаап алудың бірінші кезеңі 1220-1237 жылдары аралығында іске асады. Жаулаап алудың екінші кезеңі бойынша 1252 жылы моңголдар ислам әлемінің жарасына айналған күпірлік ағымдағы исмайлыштар мемлекетінің негізгілері Аламут, Меймандуз, Люмбессер болып табылатын 50 тас қамалы бар Аламут мемлекетін жойды.

Бұдан соң ислам әлемі үшін әлдеқаптан оз маңызын жойған, қастапдықтар мен азғындықтың үясы болған аббас халифатының астанасы Бағдадты жаулаап алды. Ислам дүниесінің астанасы саналған Бағдаттың мұсылман емес халық таранына жаулаап алынуы ислам дінбасылары таранына әртүрлі бағаланды. Егер Мауереннахрдың ханафий және шафий жетекшілері Шыңғысханды Алла тағалаптың ашыуымен келген деп есептеп, оған қарсыласу Алла тағала тағдырына қарсыласу деп есептесе, Ибн Алқами мен оның іікірлестері Хулагуге барынша қолдау көрсетті. Олар Мехдиїдің пайды болуы түркілердің келуі мен әскері деп сенді. Ибн Алқамимен іікірлес болғандар Иракта Хулагуга оз өкілдерін жіберіп, Бұқа Темір Халеге келгенде моңгол әскерін халық қуанышын қарсы алды. Хулагу Багдадқа кіргенде шииттердің бірнеше қауымдары оны салтанатын қарсы алғын бағынғандықтарын білдірді /31,1346/.

Моңголдар жорығының табысты болуына үлттық фактор да үлкен роль атқарады. Монгол-түркілер оздерінің түркілік тегіне сүйене отырып, түркілік емес билеушілерге бағынған басқа түркі қандастарын шеберлікпен пайдалана білді. Негізінен түркі текстес әртүрлі Иран аймақтарының жетекшілері болған әулеттер және мен билеушілер моңголдарға соғыс пен қантөгіссіз мойынсынды /32,896/.

Ильхандардың күшіне омен түркілердің мәдениеті гана емес сонымен бірге Иран мен Азербайжан да түркілер мәдениетінің өсеріне үшінады. Бұл Шыңғысхан орынбасарларының Иранға шабуышының бір маңызды белгісі болды. Орта ғасырлық тарихи шығармалардан моңголдар билігі дәүірінде кең қолданыста болған сөздердің таза түркілік мәғынаға ие скептің көреміз /33,2936/.

Жаңа жерлерді бағындырыған моңголдар Шыңғысхан Ясасы бойынша іс жүргізді. Мұсылмандар істері шаригатпен жүргізілді. Осылайша, әр қауым істері сақталды. Арғынның еврей уәзірі Са'ад ад-доул мұсылмандар үшін шаригат пен Ясаны қатар жүргізілсе, бұл Қазан кезінен бастап қана болек жүргізіле бастады. Зерттеушілердің айтуынша, оның билігі кезінде күнделікті түркілік дәстүрлер жинақталып “Дәстүр кітабы” жасалды. Бірақ, оқінішке орай бұл құпды кітап әлі күнге дейін табылған жоқ /34,3776/.

Ильхандардың исламды қабылдауымен олар енді мұсылман әлемінің шыныайы қорғаунылары дөрежесіне котерілді. Ильхандардың қай-қайысы болмасын қол астындағы елдің ислам құпдылықтарын сақтаған, оркендейтуғе бар қүштерін салды.

Көптеген зеріттеушілердің мұсылман түркі мемлекеттерінің дәстүрлілігіне құдікпен қарауына осы мемлекеттердегі маңызды билік тізгіні—бас уәзір қызметінің жергілікті халық оқілінің үлесінде болуы себен болды. Уәзірлік қызметке қол жеткізген ирандық немесе басқа жергілікті халық өкілі мансабын сақтаған қалуга барлық мүмкіннілігін сары етті. Олар әрқашан билеуші туыстарымен жауалық қатынаста болды. Кон кезекте үлкен қаржы мансап сатып алуға немесе үкімет ісінде жиі болып тұратын қастандықтарға жұмсалды /35,116/. Парсы шенеуніктерінің мемлекет ісіне арасында мемлекет қаржысының ысыраңқа үшінрауымен қатар жүрді. Түркі билеушілерінде үзір бочан жергіліктер кон регион мұнисипалитеттерінде орай билеушілерді адастыруға тырысты. Мысалы, ильхан Арғынның еврей уәзірі және дәрігері Са'ад ад-доул ильханиның назарын аудару үшін Шыңғысханды пайғамбар болған дең жариялады Ол Ильханға Мұхаммед пайғамбарды мойындармай одан болек әлемдік діннің негізін салуды үсынады. Ал, Шыңғысхан “Ясасын” қасиетті кітап дөрежесіне котеруге үсынис жасады. Тағы бір иудей уәзірі, корнекті тарихшы, Қазан ханының уәзірі болған Рашид ад-дин еді. Осы екі уәзірдің мұсылмандар тараңынан өлтірілүүне қарамастан иудейлердің Ильхан сарайына енуплері түпкілікті тоқтамады /36,5126/.

Осылайша, бірінен соң бірі мұсылман әлеміне келін, бастапқыда көшпендерге тән және Мұхаммед (ғ.с.) мен алғашқы дұрыс халифтар кезіндегі ислам әлеміндегі дұрыс моралдық, саяси құпдылықтармен сабактас дүниетанымдық және мәдени үкастықтарының арқасында жергілікті мұсылмандардың құрметі мен сеніміне лайықты қызмет етті,

мұсылмандар мен ислам әлемін дін жауларынаң құтқарып отырған түркі көшпендері, уақыт өте келе ғасырлар бойы қалыптасқан өркениетті елдердің ислам қагидаларына қарсы мемлекеттік жүйесінің ықпалына түсіп, өзгеріске үшінрады.

**Үшінші тарауда XI-XIV ғ.ғ. түркілердің Иранды жауап алғанының мәдени-рухани салдарлары** корсетіледі.

Түркістан түркілерінің басып алған жерлердегі қабыргасын қалаған мемлекеттерде биліктерінің табысты болуына олардың ортодоксалыды ислам үшін исламдағы күпірлік болып табылатын кез келген басқа бағыттарға қарсылық тудырып, дәстүрлі исламды мемлекеттік дәрежеде көтермелейі болды. Діни алауыздықтардан қажыған ислам әлемінің біртұтастығы мен қауіпсіздігі үшін бұл өте маңызды еді.

Иранды билеген түркілер дәуіріндегі сопылық ілім осы аймақта берік негізін қалаған, дамыды. Сопылық түркілер мекендереген аймақта табыстырақ болып, Түркістанмен шектескен аймақтар сопылықтың алтын бесігі болды. Ислам мұраттарынан алшақтаған ресми ислам мен биліктен қалжыраған халықтың саяси-әлеуметтік наразылықтары нәтижесінде пайда болған діни ағымдардың ішіндегі көрнектісі—шииизм, түркілер билігінің әлсіреуімен қайта жаңдана бастады. Түркілердің сопылыққа қолдау көрсствуімен, бұған лейін жасырын әрекет сткен шииизм сопылық ордендер арасынан пана тағты. Иран тарихы үшін аса маңызды осы кезеңде қайта жаңданған шииизм бертін келе мемлекеттік сипат алып, өзінің бастапқыдағы әсіре күпірлік сипаттарынаң бірнама арылық, сопылықтың әсерінен ортодоксалыды исламмен идсиялық қарама-қайшылықты ретке келтіріп, былайты мұсылмандардың шыдамына лайықты исламдағы негізгі ағымдардың бірінші айналы.

Селжуктер дәуірі кезінде көнтеп салынған низамие мен таджийа сияқты медреселерде мұсылман теологиясы мен құқық (фіх) шафийттік мазхаб және аш'арит бойынша жүргізіллі /37,176/. Бұл медреселерде сол заманының атақты теологтары дәріс берді. Мысалы, Бағдадтағы Низамия медресесінде 1067 жылды лекцияны негізінен Абухамид ал-Газали мен Хорасан мен Иранның көрнекті теологтары мен философтары жүргізді.

Егер хронологиялық жағына назар аударсак медреселердің дені түркілік әулеттер кезінде пайда болды. Жергілікті халық өкілдері – уәзірлердің атсалысуымен жұмыс істегенімен, бұлардың түркі билеушілерінің тікелей бақылауында болып, олардың саясатын іске асырганы белгілі болып отыр. Шығыс Иранда негізі дайындалған діни мектептің бір түрі медресенің Месопатамияга, Сирияға, Мысырға, Солтүстік Африкаға біртіндеп аудыс процессі жүрді.

Осы дәуірдің сәулетінен көшпендері түркілер мәдениетінен қосылған үлес мәселесіне келсек, мәдениет атауыны көшпендерге жолатқысы келмейтін көзқарасқа қарамастан әрине, түркілер кезінде салынған орасан зор құрылыштар билеуші халық арқылы іске асқан соң құрылыш стилінде түркі-көшпендер сарынының болуы заңды құбылыс.

Түркілердің көшпендері шаруашылық жүргізгеніне қарамастан, олардың озіндік мәдениеті, қала салу үрдісі, қолөнер мен құрылыш өнері болғандығы белгілі жай. Олардың өздері жауап алған аймақтардағы мәдениеттің дамуына мұлделілігі бұл кездейсоқтық емес—бұл, Ұлы Даға

көңістігінде басталған оркенисттің түркілер арқылы басқа аймақтарға тарауы еді. Селжүктегер кезіндегі Иранда салынған тобесіндегі дөңгелек тесігі бар (шанырак) Иездегі Радкан (он екі имам) (XII ғ.аяғы), Гомбаде Кабус (XI), Верамин, Сангбастә (XI ғ.) мазарлары ескерткіштеріне идеясы мен формасы жағынан ұқсас ескерткіштер қазіргі Атырау, Орал мен Үстіртте, Сырдария атырабында, Оңтүстік және Орталық Казақстанда көнтеп кездеседі. Зерттеушілер осындағы ескерткіштерге жататын Қорқыт мазары, Үйтас, Қосуйтас, Домбауыл, Таскесекен сияқты балының соғылған ескерткіштерді VIII-X ғасырлардағы оғыз-қышинақ дәуіріне жатқызады /38,356/. Ирандағы мұнара тәрізді сәулест ескерткіштері селжүктегер дәуіріне дейін келген түркілік элементтер кезіндегі бастау алып, селжүктегер кезіндегі белсененді жүргізілді. Назар аударатып бір жай, Иранға келген түркі тайпаларының селжүктегерден де бұрын мазар түрғызы дәстүріне ис болғанын тарихи қайнарқөздерден кездестіруге болады. Мысалы Истахри, Иранның Систан аймағын суреттеу кезіндегі, "Халадждар түркі қауымынан, Олар бұл жерге (Систан) ертеректе келген. Олар Үндістан мен Систан аралығына мазарлар салды. Түрлері түркілерге ұқсас. Түркілік салтқа ие және барлығы түркі тілінде сөйлейді"/39,366/-деп жазады.

Селжүктегердің аяғын баса келген түркілердің тағы бір легі—монгол-түркілердің дәуірі де Иран тарихында мәдениеттің оркендеу әсуарі болды. Монгол дәуірі архитектурасында XII ғасырғы газиауилер мен селжүктегер кезінен мұра болып қалған конструкция мен декор формасында бірқалыпты даму іске асты. Орталық Азия даласына саяхат жасауды еуропа саяхатшыларының қай қайысы болмасын, түркі-монголдардың дәстүрлерін суреттегендегі олардың дәстүрлі киіз үйін суреттемей отиейді.

Шатыр тәрізді жасалған мазарлар салу үрдісі монгол-түркілер кезіндегі өз жалғасын тапты. Ильхандар билігі кезіндегі Иранның солтүстік аудандарында мұнара тәрізді мазарлар-имомзоделер көп салынды. Бұл жерде баса пазар аударатып жай, түркілердің түрғын үйі - киіз үйдің тұтас конірмесі мұсылман әулиеслерінің қабірлерінің құрылышында корініс тапты. Басында Иранның шығысында—Хорасандың қанат жайған мұнара тәріздес мазарлар кейін батысқа да тарады. Мысалы, Нахичеванда салынған Мумине Хатун мазары осындағы құрылышқа жатады. Зеріттеуші бұл құрылыштардың сыртқы типтерінің киіз үйге ұқсайтынын дұрыс аңғарып, өз өмірлерін киіз үйде откізген түркі өмірлерінің өз мазарларын салған кезде соған ұқсаудың пазар аударғанын айтады. Кіші Азия, Ирак пен Арменияда христиан храмдары да осы стильде салынған. Тіпті, Мәскеу қаласындағы Кремль сарайынан бастап, бірқатар ортағасырлық құрылыш түрлері негізіндегі конструкциялардың дәстүрлі дүниестанымына тоғшатырлы мазарлар идеясы айқын байқалады.

Айта кету керек, кейін бұл құрылыштардың формасы еуропа сәулестілдері арқылы Еуропага да ауысты. Италиян опер зеріттеушісі Пьерсон Палолезидің айтуынша, 1419-1418 жылдары италиян сәулестілдері Брунлеский мен Гиберти Сүлтания мазары күмбезі үлгісімен Византиядада Санта Мария Дель Фиорэ шіркеуін салды. Түркиядагы Бруса мешіті мен Сан Лоренция шіркеулері де дәл осы стиlide салынды /40,56/.

Ирандағы түркілер билігі дәуіріндегі салынған құрылыштардың қайсында болмасын, қазаш осы құрылыштардың негізгі болігі болып

табылады. Атақты кісілердің мазарларында да орта гасырлық моншаларда да қазан күмбездік жамылғының орталығына сәйкес келетін жерде орналаскан. Қазанның өмірдің қайнар көзі болуы себепті ол космостың дәл ортасына орын тепкен жаратылудың символы болып табылады /41,956/. Түркілер мемлекеті түсында салынған Ирандағы ескерткіштердің түгелге дерлігіндегі қазан осы құрылыштардың құрамдас бөлігіне айналған. Ел бірлігі, ру, тайпа бірлігі əсіресс, өздерінің дәстүрлі мекен сту аймақтарынан тысқары жерлерде маңыздырақ скенін түсінген түркі билеушілері сол бірліктің символы болып табылатын қазанның қадір қасиетін жете түсіне біліп, оның құрылыш құрамында болуына назар аударды. Бұдан өзге, ортағасырлық деректерді таңдау кезінде бірігіп тамақ ішү, шүлен көже тарату ритуалдарының да жиі атқарылғанын байқаймыз.

Ирандағы түркілер билігі кезінде кең тараған құрылыш түрінің бірі—ол моншалар құрылышы болды. Ирандың зерттеушілердің өзі Иранда моншаның болмағанын мойындайды. Олар моншаның Иранда болмау себебін зароастризм дін басыларының монша құрылышына қарсылығымен түсіндіреді /42,1686/. Рашид ад-дин Қазан хан билік басына келгенге дейін Иранда адамдардың монша мен мешітті өте керек ететіні және кейбір аймақтарда екеуінің де жоқ екенін /43,2946/ жазды. Ал, түркі қошпендерлері арасында моншаның қошпендердің мәдени өмірінің ажырамас бір бөлігі болғандығы қолдагы деректер растап отыр. Назар аударатын бір жай, ол Ирандағы монша құрылыштарының сыртқы, ішкі формаларының концепциялардің киіз үйінің бір-бірімен қабыргалас етіп құрастырганына үқсауында болып отыр /44,106/. Осы ескерткіштердің салынуы мен конструкциясының мағынасын тек қошпендердің дүниетанымына назар аудару арқылы түсіндіруге болады.

Селжүктер кезінде қолөнер де өркендер, ислам өркенистінің бір ажырамас бөлігіне айналды. Жібек және жүннен жасалып, тамаша алтын тәріздес жілтермен өрнектелген маталар, фаянс, қола, күміс, бүйымдар Мысыр, Арабия, Үндістан, Қытай базарларына шығарылды Сөз жоқ, қошпендердің мәденистінің асыл мұраларының бірі—кілем тоқу түркілер қозғалысымен олар билік еткен аймақтарға да тарауы занды құбылыс. Түрік зеріттеушісі Т.Парлак, кілем тоқудың негізі Шығыс Түркістанда пайда болып, одан түрлі себептерге байланысты Батыс Түркістанға ауысып, осы жерден бүкіл дүние жүзіне тарағанын /45,1526/ айтады.

XI-XIV гасырлардағы Түркістан түркілерінің Иранды жаулап алуы, əсіреле парсы тілінің түркі сөздерімен баюына зор əсер етті. Бұл жерде назар аударатын мәселе, түркілердің ислам əлемінде тек əскери маңыздылыққа ғана ие болмағандығының дәлелі ретінде парсы тіліне енген түркі сөздерінің тек əскери сөздер саласын ғана емес, сондай-ақ жанжануарлар, əсімдіктер, дене мүшелері, туыстық атаулар, тұтыну бүйымдары, т.б. салаларын да қамтығанын байқаймыз.

Корыта айтқанда, XI-XIII гасырларда Иранды жаулап алып, бұл жерлерде өз мемлекеттерін құрған түркілер, қол астындағы елдерді бір орталыққа біріктіріп, тәртіп орнатып қана қоймай, исламдық Иранға тікелей саяси қатер төңіріп келген христиан мемлекеттерінің агресиясына тосқауыл болды. Идеологиялық біртұтастықты қамтамасыз етіп, ислам ішіндегі құпірлік ағымдардың іс-әрекетіне қарсы тұрды. Сондай-ақ,